

«Белқопа жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

**ХАТТАМАСЫ №3**

Отілген күні: 20.01.24 ж.

Қатысқандар: мектеп директорының у.м.а: Г.Р.Жолжанова, қамқоршылық кеңес төрайымы: А.Оразымбетова, мүшелері: 1. Сагындықов Еламан, Алманова Сәуле, Досмаганбетов Сәкен, Бекенова Әсел, Махатов Жәнібек, Куанышев Дәуірбек, Кубеков Нұрбол

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары
2. Педагог мәртебесі туралы заң жобасын талқылау
3. Бос білім беру үйымдары басшыларын тағайындаудағы қамқоршылық кеңесінің ролі

Тыңдалды: 1-мәселе

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: А.Оразымбетова кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары бойынша жылдық жұмыс жоспары таныстырып, I жарты жылдықта аткарылған іс-шаралар есебін баяндағы. Осы уақытқа дейін мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылық фактілерінің тіркелмегенін жеткізді. Кеңес мүшелері сөз сөйлеп, құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында оқушылардың тұнгі уақытта /22.00-ден кейін/ көшеде жүрмеуін қадағалап, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп рейд жұмыстарын жандандыруды ұсынды.

Тыңдалды: 2 мәселе

2019 жылы қабылдауға ұсынылған педагог мәртебесі туралы заң жобасын кеңес төрайымы А.Оразымбетова таныстырып, талқылауға ұсынды. Ұсынылған заң жобасында мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері үшін барлық игіліктер қарастырылған. Мұғалімдердің жүктемесін азайтуға, жоспардан тыс тексерістер мен міндеттен тыс функцияларды азайтуға мүмкіндіктер беретінін айтты.

Тыңдалды: 3 мәселе

Қамқоршылық кеңесінің тәрағасының орынбасары А.Оразымбетова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының басшыларын конкурсстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру лауазымына конкурсстық тағайындау» қағидаларындағы қамқоршылық кеңесінің міндеттерімен таныстырылды.

Шешімі:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары жандандырылсын.
2. Ұсынылған педагог мәртебесі туралы заң жобасындағы мәселелер ұсынылсын.
3. Бос білім беру үйымдары басшыларын тағайындауда қамқоршылық кеңесімен бірлесе жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

*Ораз*

А.Оразымбетова

Хатшы:

*Елғ*

Ә.Е.Бегалина